

«Казан» айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылган іс-әрекет	
	<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>
	<p><b>Жаңшы дамытушы жаттығулар:</b>                      Колды алға, екі жакка, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп колдарын арқасына апару;                      сауақтарың бүгіп, колдарың айналыра кимылдауды орындау. Екі кол белде, кезекпен екі жакка бұрылғанда екі колды екі жакка жайып жіберу. Екі кол белде онға, солға илу, еңкею, шалқая; алға еңкею, колдың ұшың аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Екі кол белде, екі колды алдыңғы жак пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшың созу, табанды бұту.</p> <p><b>Негізгі кимылдар:</b>                      аяқтың сыртқы қырымен жүру;                      тізені жоғары көтеріп жүргізу;                      10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасыментура бағыт бойынша, келбеу тактай бойымен төртағандап еңбектеу;                      2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылышпен қосаяқпен секіру;                      заттарды нарасымен құрсауларды бір-біріне домалату;                      арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;                      бір-бірінің жанына сапқаттуру.</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b>                      Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және кимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Кимылды ойындар.</b>                      Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыру дабастама шылдық, дербестіктанғытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиетте рді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b>                      Балаларға дамынды денені және сезім үшешері, оларды нағыз ағары рөлді және оларды қалай қорғауға, күтуге болатын ығу ралы түсінік беру.</p> <p><b>Дербес кимыл белсенділігі:</b>                      Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы кимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық ағаларды жетілдіру.</b>                      Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадаталауды өдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, деретханана барғаннан кейін, ластанған кезде колды өзбетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, колорамалды пайдалана білуді бекіту.</p>	<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b></p>

	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай пайнау, асхана құралдарын(қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Кімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен сонқұттыларды, қылқадамдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақтабаңдылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңақжүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, ызын және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтады. «Мен естимін» р, л дыбысын естісен шапалақта, қайтала, сөз ойла .)</p> <p>Тақпақ, жанылпаптарды ақырын, жылдам айтып, сөздер мен сөз тіркесіне дикция қояды (Күзім ау, күзім ау тоқтап, созып айтады (тісінің ортасына қарандаш тістегіп айтқызу))</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы топта талқылайды.</p> <p>(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) атап, заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), мағынасы қарамақарсы антоним сөздерін қолданады. (Үлкен ойыншықтарды төменге, кішкентай ойыншықтарды жоғарыға жинаймыз немесе ауыр-жеңіл)</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып, көмекші сөздерді дұрыс қолданып, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атайды</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қояды және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап бере алады.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет.</b></p> <p>Түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелердің мазмұнын бойынша сұраққа жауап береді</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады.</p> <p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдап, мазмұнын қайталап айту да сюжет желісінің реттілігін сақтайды. Балағардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастырады</p> <p>Жанылпаптарды бірге қайталап айтып, жұмбақтардың шешімін табады. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейрімді, акцентіл-</p>

<p>Казак тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)</p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>          Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуда және оларды талқылайды.          Ұжымдық әңгімеге қатысып, әңгімелеушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді.          Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.          Казак тіліне тән ө, к, Ұ, Ү, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады (артикуляциялық жағтығулар)  <b>Сөздік қор.</b>          Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың атап, сипаттайды.          Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттал, шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екіпінді қолданып, мәнерлеп айтады.          Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнына бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойын білдіреді. («Блум» әдісі, Ашық сұрақтар әдісі)  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. (Ойыңға байланысты өзгертеміз мысалы: жіктеу: мен ұлымын, сен қызың, ол ұл. Тәуелдеу: менің добым, сенің добың, оның добы. Септеу: ағаш, ағаштың тамыры, ағашқа су құй, ағашты күт, ағаштан мысықты түсір, ағашта құрт барма? Ағашпен сандық жасаймыз)  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Қарым-қатынас барысында бағаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді (Алдар көсе хикаялары!), өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуда, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылайды.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p><b>Жиын.</b>          Әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан топтастырып, заттарды жұшпен кою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең емесігін анықтайды. (қарағаштың жапырағы көп, тобылдың жапырағы аз, неге?)  <b>Сан, санау.</b>          5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап «нешінші?» сұрағына жауап береді          5 көлемінде тура және кері санайды.  <b>Шама.</b>          Ұзындығы, ені, және бийікті бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына кою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырады, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, бйік-аласа, жуанжінішке сын есімдермен белгілейді.  <b>Геометриялық фигуралар.</b></p>

	<p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) атап, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеп, анықтайды.</p> <p><b>Кеністікті бағдарлау.</b> Кеністік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктері (танертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктерін айтады және сипаттайды</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үй.</b> Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы айтады («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атайды. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы қысқаша мағлұмат береді. <b>Заттық әлем.</b> Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атап, олармен әрекет ету жолдарын көрсетеді Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін ажыратып, атайды. Оларды жасаған адамды атайды (тігінші, ұста, шебер), жақсы сөздер айтады («Бинокль» әдісі) <b>Байланыс және қозғалыс құралдары.</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды (су көлік түрлері, есекке, желкен, якорь, қозғалтқыш, люк, палуба) Құрылыс бөлшектерін ажыратып және атайды, (текше, пластинна, кірпіш, блок) оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандайды; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеністікте орналасуын айқындайды. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды;</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Қатаздан құрастыру.</b> қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. <b>Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.</b> қазак халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен,(киіз үй бұйымдары) тұрмыстық заттарын,(торсық -бұғы, түйенің терісінен жасалған қымыз, шұбағ құяды ) олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; табиғи (мақта,дөңінің түрлері) және қалдық заттардан(қаппақтың түрлері,кір қыстырғыштыры) құрастырады; заттарды өз бетінше тандап, ойдан композиция құрастырады;</p>

<p>Сурет салу</p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. (алма бағыз)</p> <p>Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді</p> <p>Дөңгелек, - сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтері: «құс қанаты», «бұршиқ», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналау ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (оюларды зерттеу, өздері ою ойлап табады, ол оюларды қайда пайдануға болады, берілген оюын тақырыбына сай оюларды салады) 4 ойын</p> <p>Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен renkтерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл renkтерін өздері шығарады (Түстер әлемі ойыны ойдан түс шығару).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішінін жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді.</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы күз мезгілін бейнелеут.б.)</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, ( ) оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгеністерді, гүлдерді, оюларды кинода қолданады.</p> <p>Тар жоқтарды көлденеңнен қиып, шаршының бұрыштарын киноды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны</p>

<p>жәлімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазак халқының сәндік-қолданбалы өнерін көрсетіп, оларды құрастырып, жапсырып, түсіндіреді.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады.</p> <p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді.</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды.</p>	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін қалыптастыру (алмау, шығарманы соңына дейін тыңдау). Музыканың табиғатын сезіне білуге, таныс шығармаларды танып білуге, естіленнен алған әсерлерін жеткізе білуге үйрету. Қазактың халық аспабы – домбыра дыбыстарын қабылдай білуге үйрету.</p> <p>Ән айту: Көркем сөзге, музыкалық шығармаларға эмоционалды әсер қалдыра отырып, тұған жерге деген сүйіспеншілікті ояту. Бағаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, ұзақ, әсерлі, концертте (бірінші октаваның ре-си шегінде) ән айту қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марштың сипатын ырғақты қадаммен, музыканың қозғалмалы, көңілді сипатын – жеңіл, ырғақты жүгірумен жеткізу, қозғалыс жылдамдығымен екі аяқпен секіруді оңай және еркін орындау, ойынды дәл жеткізу. Музыканың ырғағы.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықты, ұжымшылдық сезімін, тұған жерге деген мақтанш пен сүйіспеншілікті, әртүрлі халықтардың жалпы және музыкалық мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>Билер:</b> Қазактың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» бийн үйрету. Музыканың би сипатын қабылдау, жеңіл, ырғақты қимылдау, би қимылдарын жұпшен орындау, ойын музыкалық әрекеттерін биле қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Бағалардың музыкалық аспектарында ойнауы:</b> Ағаш қасықта, асатаяқта, сазсырнада қарапайым әуендерді ойнай білуге дағдыландыру. Бағалардың музыкалық аспектарын тану және алау қабілеттерін арттыру.</p>
---	--